

Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата отырыстарының
«Мемлекеттік сатып алу туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасын
талқылау қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫСТАР

2023 жылғы 26 маусымда VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті.

Қоғамдық палата мүшелері «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының негізгі ережелерін талқылап, заң жобасының нормаларын жақсартуға бағытталған өз ұсыныстары мен ескертулерін айтты.

Қоғамдық палата мүшелерінің пікірінше, бірінші кезекте оның экономиканы дамыту, кәсіпкерлік белсенділікті арттыру, әділ нарықтық бәсекелестік ережелерін сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту үшін мемлекеттік сатып алу тетігін тиімді пайдалануға бағытталған мақсаттары мен қағидаттарын айқындау қажет.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мыналарды **ҰСЫНУДЫ** орынды деп санайды:

1) заң жобасын нысықтау кезінде қоғамдық палата мүшелерінің мынадай ұсыныстары мен ескертулері ескерілсін:

- олардың арасында бюджет қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуді, мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықты азайтуды, инфляцияға қарсы іс-қимыл үшін тауар айналымын жеделдетуді көрсете отырып, Заңның мақсаттарын нақтылау және кеңейту;

- «Қоғамдық бақылау туралы» заң жобасымен заң нормаларын салыстыра отырып, мемлекеттік сатып алуды қоғамдық мониторингілеу және бақылау тетігін жетілдіру;

- конкурсқа ұтылған қатысушылардың конкурстық (тендерлік) комиссия шешіміне сотқа шағымдану мүмкіндігін қайта қарау;

- ашық бәсекелестік мақсатында мемлекеттік сатып алу деңгейлерін орталықсыздандыру, нарыққа білікті қатысушылардың көбірек санын жіберу және тауар айналымы деңгейін жеделдету мүмкіндігін қарастыру;

- баға параметрлері бойынша осы талаптарды соңғы кезеңге қанағаттандыратын қатысушыларды жіберу мақсатында мемлекеттік сатып алудың конкурстық рәсімдерін біркатар кезеңдерге (біріншісі - қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары, екіншісі-техникалық талаптар) бөлуді көздеу;

- сыбайлас жемқорлыққа қатысты заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізу, оның негізінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң жобасына тиісті реттеуші нормаларды енгізу мүмкіндігін қарастыру;

- заң жобасынан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (ӘКК) оның қолданысынан тыс ететін нормалар алып тасталсын, өйткені ӘКК-дегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің негізгі себебі олардың қызметінің заңнамалық реттелмеуі (құқықтық олқылықтары) болып табылады;

- дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі, кейіннен сатып алу құқығымен жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген заңды тұлғалар (квазимемлекеттік сектор субъектілері) заң жобасынан оны реттеу нысанынан алып тастайтын нормалар алып тасталсын;

- заң жобасындағы сілтеме нормаларды алып тастау, сондай-ақ жекелеген нормалардың редакцияларын жақсарту;

- заң жобасын қарау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама ұсынымдарын жүргізу және назарға алу, өйткені квазимемлекеттік секторда сатып алуға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметін жүзеге асыру үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алу процесінде, мысалы, жедел-іздістіру қызметі, қарсы барлау қызметі және басқа да тәуекелдер бар;

- реттеуші құрал мен заң нормаларының талаптары енгізілгенге дейін реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін жүргізу және жариялау;

- көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етуді арттыру мақсатында жеткілікті біліктілік талаптарына сәйкес келетін компанияларды мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысу үшін жіберуге. Бұл фактор жеткізушіні баға санаты бойынша таңдаудан басымдыққа ие болуы керек;

- оқушыларды, студенттерді, аспиранттарды спорттық жарыстарға (жарыстарға) қатысу үшін жіберуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында, аталған іс-шаралар өткізілетін жерге және кері қайтуды, тұрғын үй-жайды жалдауды, көліктік қызмет көрсетуді, тамақтануды қамтамасыз етуді қоса алғанда, бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілі туралы норманы заңға тікелей шарт жасасу жолымен енгізу мүмкіндігін қарастыру;

- магистранттарды, докторанттарды ғылыми тағылымдамаларға, еліміздің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарына жіберуге байланысты қызметтерді сатып алу жағдайларында, аталған іс-шаралар өткізілетін жерге және кері қарай жол жүруді, тұрғын үй-жайды жалдауды, көліктік қызмет көрсетуді қоса алғанда, тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілі туралы норманы заңға енгізуді қарастыру, тамақтануды қамтамасыз ету;

- егер сатып алу сомасы екі мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса, коммерциялық емес қоғамның немесе мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы жеке-мемлекеттік коммерциялық емес ұйымдардың

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілі туралы норманы заңға енгізуді қарастыру;

- бұл заң коммерциялық емес акционерлік қоғамның немесе мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы жеке-мемлекеттік коммерциялық емес ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуына байланысты қатынастарға қолданылмайды деп көзделсін;

- мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың қолданысынан коммерциялық емес акционерлік қоғамның немесе мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы жеке-мемлекеттік коммерциялық емес ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуын алып тастауға;

- «мемлекеттік сатып алу туралы» заңға қабылданғаннан кейін кемінде үш жыл мерзімде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін норманы енгізуді қарастыру;

- орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік сатып алу рәсімінен зерттеу жұмыстарын немесе білім беру іс-шараларын жүзеге асыруға тапсырыстарды (білім беру мекемесі ретінде ғылыми аккредиттелген немесе аккредиттелген ұйымдардан бір көзден сатып алу құқығымен) алып тастауды көздеу;

- мемлекеттік сатып алу бойынша тәуелсіз сарапшылар институтын құруды қарастыру және оны заңнамалық деңгейде бекіту;

- заң жобасының глоссарийінің «әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы» ұғымын онымен туыстық байланыстармен (жақын туыстары) байланысты тұлғалар толықтырсын.

2) Қоғамдық палатаның келесі отырысы ағымдағы жылдың күзінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алаңында өткізілсін.

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі жанындағы
Қоғамдық палатаның төрағасы**


А. САРЫМ